

ISSN 2224-5227

2016 • 3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.

PUBLISHED SINCE 1944



Бас редактор
ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Редакция алқасы:

хим.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әдекенов С.М.** (бас редактордың орынбасары), эк.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әділов Ж.М.**, мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Арзықұлов Ж.А.**, техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Бишімбаев У.К.**, а.-ш.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есполов Т.И.**, техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Мұтанов Г.М.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Өтелбаев М.О.**, пед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Пралиев С.Ж.**, геогр.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Северский И.В.**; тарих.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сыдықов Е.Б.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Тәкібаев Н.Ж.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Харин С.Н.**, тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбүсейітова М.Х.**, экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА корр. мүшесі **Бейсембетов И.К.**, биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жамбакин К.Ж.**, тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Кәрібаев Б.Б.**, мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Локшин В.Н.**, геол.-мин. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Өмірсеріков М.Ш.**, физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Рамазанов Т.С.**, физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Садыбеков М.А.**, хим.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Сатаев М.И.**; ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, а.-ш.ғ. докторы, проф. **Омбаев А.М.**

Редакция кеңесі:

Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина), Украинаның ҰҒА академигі **Неклюдов И.М.** (Украина), Беларусь Республикасының ҰҒА академигі **Гордиенко А.И.** (Беларусь), Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Дука Г.** (Молдова), Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Илолов М.И.** (Тәжікстан), Қырғыз Республикасының ҰҒА академигі **Эркебаев А.Э.** (Қырғызстан), Ресей ҒА корр. мүшесі **Величкин В.И.** (Ресей Федерациясы); хим.ғ. докторы, профессор **Марек Сикорски** (Польша), тех.ғ. докторы, профессор **Потапов В.А.** (Украина), биол.ғ. докторы, профессор **Харун Парлар** (Германия), профессор **Гао Энджун** (КХР), филос. ғ. докторы, профессор **Стефано Перни** (Ұлыбритания), ғ. докторы, профессор **Богуслава Леска** (Польша), философия ғ. докторы, профессор **Полина Прокопович** (Ұлыбритания), профессор **Вуйцик Вольдемар** (Польша), профессор **Нур Изура Уздир** (Малайзия), д.х.н., профессор **Нараев В.Н.** (Ресей Федерациясы)

Главный редактор
академик НАН РК **М.Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **С.М. Адекенов** (заместитель главного редактора), доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **Ж.М. Адилов**, доктор мед. наук, проф., академик НАН РК **Ж.А. Арзыкулов**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК **В.К. Бишимбаев**, доктор сельскохозяйств. наук, проф., академик НАН РК **Т.И. Есполов**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК **Г.М. Мутанов**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **М.О. Отелбаев**, доктор пед. наук, проф., академик НАН РК **С.Ж. Пралиев**, доктор геогр. наук, проф., академик НАН РК **И.В. Северский**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **Е.Б. Сыдыков**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Н.Ж. Такибаев**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **С.Н. Харин**, доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**, доктор экон. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И.К. Бейсембетов**, доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **К.Ж. Жамбакин**, доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Б. Карибаев**, доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **В.Н. Локшин**, доктор геол.-мин. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Ш. Омирсериков**, доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Т.С. Рамазанов**, доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.А. Садыбеков**, доктор хим. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.И. Сатаев**; почетный член НАН РК, доктор сельскохозяйств. наук, проф., **А.М. Омбаев**

Редакционный совет:

академик НАН Украины **Гончарук В.В.** (Украина), академик НАН Украины **И.М. Неклюдов** (Украина), академик НАН Республики Беларусь **А.И.Гордиенко** (Беларусь), академик НАН Республики Молдова **Г. Дука** (Молдова), академик НАН Республики Таджикистан **М.И. Илолов** (Таджикистан), член-корреспондент РАН **Величкин В.И.** (Россия); академик НАН Кыргызской Республики **А.Э. Эркебаев** (Кыргызстан), д.х.н., профессор **Марек Сикорски** (Польша), д.т.н., профессор **В.А. Потапов** (Украина), д.б.н., профессор **Харун Парлар** (Германия), профессор **Гао Энджун** (КНР), доктор философии, профессор **Стефано Перни** (Великобритания), доктор наук, профессор **Богуслава Леска** (Польша), доктор философии, профессор **Полина Прокопович** (Великобритания), профессор **Вуйцик Вольдемар** (Польша), профессор **Нур Изура Удзир** (Малайзия), д.х.н., профессор **В.Н. Нараев** (Россия)

«Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан» ISSN 2224-5227

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год. Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> reports-science.kz

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбаева, 75

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016 г.

E d i t o r - i n - c h i e f

M.Zh. Zhurinov, academician of NAS RK

Editorial board:

S.M. Adekenov (deputy editor in chief), Doctor of Chemistry, prof., academician of NAS RK; **Zh.M. Adilov**, Doctor of Economics, prof., academician of NAS RK; **Zh.A. Arzykulov**, Doctor of Medicine, prof., academician of NAS RK; **V.K. Bishimbayev**, Doctor of Engineering, prof., academician of NAS RK; **T.I. Yespolov**, Doctor of Agriculture, prof., academician of NAS RK; **G.M. Mutanov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **M.O. Otelbayev**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **S.Zh. Praliyev**, Doctor of Education, prof., academician of NAS RK; **I.V. Seversky**, Doctor of Geography, prof., academician of NAS RK; **Ye.B. Sydykov**, Doctor of Historical Sciences, prof., academician of NAS RK; **N.Zh. Takibayev**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **S.N. Kharin**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **M.Kh. Abuseitova**, Doctor of Historical Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **I.K. Beisembetov**, Doctor of Economics, prof., corr. member of NAS RK; **K.Zh. Zhambakin**, Doctor of Biological Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **B.B. Karibayev**, Doctor of Historical Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **V.N. Lokshin**, Doctor of Medicine, prof., corr. member of NAS RK; **M.Sh. Omirserikov**, Doctor of Geology and Mineralogy, prof., corr. member of NAS RK; **T.S. Ramazanov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., corr. member of NAS RK; **M.A. Sadybekov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., corr. member of NAS RK; **M.I. Satayev**, Doctor of Chemistry, prof., corr. member of NAS RK; **A.M. Ombayev**, Honorary Member of NAS RK, Doctor of Agriculture, prof.

Editorial staff:

V.V. Goncharuk, NAS Ukraine academician (Ukraine); **I.M. Neklyudov**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **A.I. Gordienko**, NAS RB academician (Belarus); **G. Duca**, NAS Moldova academician (Moldova); **M.I. Iolov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A.E. Erkebayev**, NAS Kyrgyzstan academician (Kyrgyzstan); **V.I. Velichkin**, RAS corr.member (Russia); **Marek Sikorski**, Doctor of Chemistry, prof. (Poland); **V.A. Potapov**, Doctor of Engineering, prof. (Ukraine); **Harun Parlar**, Doctor of Biological Sciences, prof. (Germany); **Gao Endzhun**, prof. (PRC); **Stefano Perni**, Doctor of Philosophy, prof. (UK); **Boguslava Leska**, dr, prof. (Poland); **Pauline Prokopovich**, Doctor of Philosophy, prof. (UK); **Wójcik Waldemar**, prof. (Poland), **Nur Izura Udzir**, prof. (Malaysia), **V.N. Narayev**, Doctor of Chemistry, prof. (Russia)

Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2224-5227

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/> reports-science.kz

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 3, Number 307 (2016), 134 – 139

UDC 371.215 = 512.122

THE ANALYSIS OF A LESSON ORIENTED TO A RESULT

K.V.Ushakova, S.S. Kasimova, A.S. Seisenova

Karaganda state technical university, Karaganda, Kazakhstan

saule.saken2010.kasimova@mail.ru

Key words: analysis, lesson, educational activity, result, learning methods, personality, education, cartogram, pedagogical experience.

Abstract. A new trend's analysis is given in this article, the analysis in modernization of school education to form the personal qualities of pupil. So, there is an accent onto that the aim and task of a teacher is not to give studying material, but in the skill to analyze the material deeply, to gain the main aim efficiency of educational process does not depend on only changing of methods, ways and lesson teaching, so on definitely innovative approach of teacher to a student.

The result of many years pedagogical activity is the cartogram of teacher and pupil activity's value, the efficiency of this cartogram is that teacher does not plan his/her activity during lesson, so he/she obligates himself/herself to develop the personal qualities of pupil. Experience proves, that the result of intimate pedagogical activity analysis is changing the personal qualities not only of a pupil, so of teacher too.

ӘӨЖ 371.215 = 512.122

САБАҚ ТАЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛУЫ

С.С. Касимова, К.В. Ушакова, А.С. Сейсенова

Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қаласы

Түйін сөздер: талдау, сабақ, оқу әрекеті, нәтиже, оқыту әдістері, тұлға, білім беру, картограмма, педагогикалық тәжірибе.

Аннотация. Білім беру жүйесіндегі жаңа талап оқушының тұлғалық сапаларын дамытуды, өздігінен білім алу арқылы дамуын қойып отырғандықтан мақалада білім беруді жаңғыртудағы жаңаша әдістерге талдау жасалған. Әр педагогтың мақсаты мен міндеті тек сабақты өткізіп қана қоймай, көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін өзінің сабағына терең педагогикалық талдау жасай білу әдістемесін меңгеруі қажеттігінің өзектілігі қарастырылған. Сабақ талдаудың кездейсоқ емес мақсатты болуы, ол үшін бақылау бағдарламасының жасалуының маңыздылығы айтылған. Оқу үрдісінің тиімділігі сабақты өткізудің әдіс-тәсілдері мен формаларының өзгеруіне ғана емес, олардың оқушының қабілеті мен жеке ерекшелігіне сай іріктеліп алынуына, мұғалімнің оқушыға қарым-қатынасының жаңаша қойылуына байланысты екендігі көрсетілген.

Көпжылдық педагогикалық тәжірибенің нәтижесі мұғалім мен оқушы іс-әрекетін бағалау картограммасының жасалуы болып табылады. Ұсынылған картограмманың тиімділігі мұғалімнің сабаққа дайындалу, өткізу барысында тек өзінің іс-әрекеттерін жоспарлап қана қоймай, сонымен қатар оқушының міндеттерін анық біліп, оның тұлғалық сапаларын дамытуды өзіне міндеттеуінде. Сабақты педагогикалық талдаудың тереңдігінің, нақтылығының, іскерлігінің көрінісі – бұл мұғалімнің және оқушының тұлғалық сапаларының өзгеруі екендігі өзіндік тәжірибе арқылы дәлелденген.

Қоғамның жаңаруы, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім беру жүйесі білім берудің мақсаты, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-

машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан қоғамда лайықты өмір сүру мен еңбек ету болып отыр. Аталған мақсаттар қазіргі мектеп мұғаліміне үлкен міндеттер жүктейді.

Сабақ беру әдістемесін игерумен қатар оны жан-жақты талдай білудің маңызы зор. Сабақ талдау мақсатты іс-әрекет: мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеп, озық тәжірибе таратуға, оқыту, тәрбиелеу ісінің сапасын анықтауға, кемшіліктерді жоюдың жолдарын көруге мүмкіншілік береді. «Сабақ – оқу-тәрбие процесінің «тірі клеткасы», оқушы үшін ең маңызды, ең бастылардың бәрі сабақта жүзеге асады. Егер де мектеп директоры, оның орынбасары мұғалімге, сынып өміріне етене кіріспесе, сабақты терең зерттемесе, оған атүсті, мақсатсыз қатыса салса, онда мұндай басшылардың істеген істерінің мәнісі жоғалады. Сабақ тек мұғалімнің ғана шығармашылық лабораториясы, ал кабинеті сол сабақтарды бақылау кезінде туындаған ойларды жүйелеп, өрнектейтін орын» – дейді Ю.А. Конаржевский [1, 4 б.].

Мектеп басқару ісін ғылыми негізде жүргізу үшін бүгінде оқу-тәрбие процесінің «тірі клеткасын» терең зерттеу қажет. Тек сабақта ғана мектеп басшылары, оның орынбасарлары төмендегідей мағлұмат ала алады:

- сабақтағы мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастығы, қарым-қатынасы;
- мұғалім өз пәнін терең әлде үстірт қана біле ме?
- оқушыларды танымдық әрекетке жұмылдыра ала ма?
- мұғалім кім? Ақпарат беруші ме, әлде оқушылардың оқу процесін ұйымдастырушы ма?
- мұғалім сапалы білім мен білік, дағдыны қамтамасыз ете ала ма?
- мұғалім оқушылардың пән бойынша алған білімдерін оларды дамыту мен тәрбиелеуге пайдалана ала ма?

Мектеп практикасында сабақ талдауда көптеген кемшіліктер кездеседі. Ең басты кемшілік бұл – сабаққа қатысу, талдау мақсатының айқындалмауы.

Екінші кемшілік – мақсат қойылғанымен, бақылау мен талдау бағдарламасының болмауы, яғни, жасалмауы. Мақсаттың болуы соңғы нәтижені ғана көрсетеді, бірақ оны іске асырудың жолдары көрсетілмейді. Бағдарламаның болмауы айтарлықтай қиындықтар тудырады, сабақ талдаудың алдына қойылған мақсат пен сол мақсатты іске асырудың арасында, мақсатқа ұмтылу мен мақсаттың жүзеге асуының арасында алшақтық тудырады.

Көптеген жағдайларда мектеп басшылары мен оның орынбасарлары және жалпы мұғалімдер сабақ талдауды өз көзқарасы тұрғысынан жүргізеді. Яғни сабақ процесінен өзіне таныс әдістер мен формаларды іздейді де «маған ұнады» немесе «ұнамады» – деген қорытынды жасайды.

Келесі бір кемшілік – сабаққа қатысушылардың сабақ талдағанда сабақтың барысын баяндап шығуы, өздерінің көргендерін тізбектеп шығады. Мұндай талдау мұғалімнің құлағына жаққанымен, пайдасыз. Мұғалімнің әдістемелік шеберлігін арттыруға түк қосары жоқ.

Сабақ талдаудағы тағы бір кемшілік – ұсақ-түйекті тізбектей беру, ең басты талдаудың мақсатын естен шығару.

Сабақ талдауға байланысты сан алуан схемалардың пайда болуының өзі де мәселенің өзектілігін, күрделілігін көрсетеді. Сабақ сияқты шығармашылық құбылысты схемаға салып талдауға болмайды. Оқу-тәрбие процесіне жасалатын талдаудың қандайы болмасын нәтижеге бағытталатыны белгілі. Әйтсе де қоғамдағы рухани мәдениет пен жеке адамның мәдениетін байланыстырушы құндылықтардың өзгеруі оқу-тәрбие процесі нәтижесін бағалауда қарама-қайшылықтар туғызып отыр.

Оқу орнының нәтижесі мектеп бітірушінің:

- қоғамдағы процестерге араласып кете алуын;
- тұжырымдамалық түсінігінің болуын;
- жаңа жағдайда шығармашылықпен қызмет ете алуын, яғни, жаңа тұлға құзырлығының

дамуын көздейтін болса, онда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырушылар: мектеп басшылары мен мұғалімдер тұлғаның әдеби сауаттылығына, математикалық сауаттылығына және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығына жауапты [2, 95 б.].

Қазіргі кезде құзырлыққа әкелетін оқушының тұлғалық сапаларының дамуын сабақ процесінде сабақтың айқындалған мақсаты мен нақты, қол жеткен нәтижесін салыстыру арқылы айқындау қажет.

Мәселеге назар аудартқан алғашқы факт – мектеп мұғалімдерінің 60%-ның сабақ нәтижесінде көздейтіндері оқушылардың пәндік білімі, білік дағдыларын игеруі сияқты сапалармен қанағаттанатыны, ал осы білім, білік, дағдыны жаңа ақпарат алуға, оны талдауға, сыни ойлауға, өз пікірін қорғауға, кәсіби білім алуға пайдаланудың тәсілдерін іздеудің, қолданудың аздық етуі болды. Мұғалім оқушылардың тұлғалық сапаларының қаншалықты, қайтіп дамуына жағдай жасауды өзіне міндеттемейді. Нәтижесінде білімнің жеке тұлға тағдырындағы мәнділігі төмендейді.

Сондықтан оқу-тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижесіне талдау жасауды жүйелік теория тұрғысынан зерделей отырып, қайта қарау, әр сабақтың мақсатын «неге?», «не үшін оқытамын?» деген сұрақтардың жауабы негізінде ойластыру барысында мұғалімнің сабақтағы өз іс-әрекетін ұйымдастыру міндеттерін қоюмен қатар оқушының белсенді іс-әрекет иесі ретінде өзінің іс-әрекетін жоспарлауға, реттеуге үйрену қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі кезде басқарушының сабақ талдаудағы мақсаты мұғалімнің сабағына айқын мақсатпен, үлкен дайындықпен барып, талдау барысында мұғалімді жаңаша дайындау, қазіргі заманғы мектеп мұғалімін жасау. Сабақ талдау – басқарушы мен мұғалімнің мақсат пен нәтиже арасындағы айырманың болу себептерін көру арқылы процесті дамыту, түзету үшін бір мақсатты көздейтін әңгіме-сұхбаты.

Мектеп басқарушының сабаққа қатысуға және талдауға дайындығы 4 компоненттен тұрады [3, Б. 57-58.]:

1. Мақсат қою және бақылау бағдарламасын әзірлеу;
2. Мұғалім жұмысына және оқушылардың сабақтағы іс-әрекетіне барлау-бақылау, яғни, сабақтан ақпарат алу;
3. Оқытушымен сұхбатқа дайындық.

Бұл:

- сабақ талдаудың морфологиялық аспектісі.
- сабақ талдаудың құрылымдық аспектісі.
- сабақ талдаудың функционалдық аспектісі.
- сабақ талдаудың генетикалық аспектісі.

4. Сабақтың талдауы.

Сабақ талдау барысында бұл төрт компонент органикалық бірлікте жүзеге асады: бұл – жүйедегі екінші және төртінші элементтердің шарықтау кезеңі болып табылады. Дегенмен, талдаудың пәрменді болуы оның бірінші және үшінші компоненттерінің іске асу сапасына, былайша айтқанда басшының сабаққа қатысуға немесе мұғаліммен сұхбатқа қалай дайындалғанына тәуелді болып шығады. Ал басқарудың күнделікті практикасында дәл осы аталған компоненттерге мән берілмей басқа екеуі орындалғандай болатыны өкінішті.

Сабақ талдау мақсаты деген – сол сабақты талдау барысында қол жетуге тиісті нәтиженің бейнесі.

Ол мақсат мектептің биік парызына сәйкес, оқу-тәрбие процесі нәтижелерінің даму деңгейін бағалаушы қорытынды көрсеткіштерден бастама алады. Педагогикалық іс-әрекеттердің жағдайын және мүмкіншіліктерін талдау мынадай сұрақтарға жауап береді. Неліктен осы немесе басқа мақсаттар алға шығады, мұғалімнің жұмысын қадағалауда ең бірінші маңызды мәселе не болып табылады? Осы жағдай үшін бақылаудың қандай түрі оңтайлы болып табылады? Қай уақытта

сабаққа қатысу керек?

Талдау мақсатының түзілу процесіне мектеп басқарушы қажеттілік арқылы келеді: байқау, әдістемелік көмек беру, анықтау, зерттеу, оқушылардың білім сапасы және мұғалімнің біліктілік дәрежесінің осы және басқа сапаларын тексеру.

Басқарушы талдау мақсатын ойластырып, ұйымдастырғаннан кейін оны декомпозициялауға кіріседі, яғни бақылау бағдарламасының негізін құратын логикалық элементтеріне бөледі. Бұл жерде мақсатты нақтылау жүреді, мақсат, міндет бөлінеді.

Сондықтан сабаққа қатысу мен оны талдаудың қалай ісек асатыны туралы және қолдану жолдарын көрсету барысында алдымен мақсат қойып, содан кейін бағдарламасын құрып алу абзал.

1 – мысал.

Талдау мақсаты: «Мұғалімнің үлгермеушілікті болдырмаудағы жұмысын тексеру» болғанда бақылау бағдарламасы келесідей болады:

- Үлгерімі төмен оқушыларға ұсынылған тапсырмалар деңгейінің оқушы қабілетіне сәйкестігін анықтау.

- Мұғалім тарапынан оқушылардың оқу әрекетіне жасалған бақылау түрлерінің олардың жетістіктеріне әсерін айқындау.

- Оқушылардың біліміндегі типтік қателерді, оның себептерін айқындау жолдарын зерделеу.

- Жіберілген қателермен жұмысқа басқа оқушылар қайталамайтындай зейінін аударта алуы.

- Өзін-өзі тексеру мен бірін-бірі тексерудің ұйымдастырылуын анықтау.

2 – мысал.

Талдау мақсаты: Мұғалімнің оқушыларды ойлау әрекетіне бесендірудегі жұмысын талдау.

Бақылау бағдарламасы:

- Мұғалімнің үй тапсырмасын тексеруде оқушыларды өз жауаптарын дәлелдеп, түсіндіріп беруге машықтандырудағы жұмыс түрлерін анықтау.

- Алынған білімді жаңа білімді меңгеруде тірек ете алу дағдыларын айқындау.

- Жаңа білімді өздігінен игеруде оқушыларды талдауға, салыстыруға, ажырата білуге үйрету жолдарын айқындау.

- Негізгі идеяны бөліп алып, дәлелді түсіндіре білу жолдарын анықтау.

- Бекіту кезінде жаңа ұғымға байланысты сұрақтарды жинақтап, қысқаша қорытуға дағдыландыруын айқындау.

3 – мысал.

«Оқушылардың өздігінен ойлай білуін, өзінің оқу-әрекетіне талдау жасау біліктілігін тексеру» мақсатын жүзеге асыру болғанда, бақылау бағдарламасы төмендегідей түзілді:

- Оқушылар сабақта білімді игерудің мақсаты мен міндетін, орындау әдісін өздері анықтай ала ма?

- Материалды талдап ұсыныстар жасаудағы, бір-бірінің жауабын түзетіп толықтырудағы белсенділік деңгейі қандай?

- Тапсырмалар орындауда шығармашылық ізденушіліктері қаншалықты?

- Алған мәліметтерді басқа нәтижелермен салыстырып айыру жолдары қандай?

- Кеткен қателерді анықтап жоюға талпыну байқалды ма?

- Өздерінің іс-әрекеттерін бағалау біліктілігі қаншалықты қалыптасқан?

Мұғалім сабақтағы өз әрекеттерінің міндеттерін көруімен бірге оқушы міндеттерін анық білуі тиіс. Оқушылар тұрғысынан ол міндеттер саналы қабылданған қажеттілікке айналады. Ол үшін Петр Иванович Третьяков ұсынған картограмманы негізге алуға болады. Үлгіні жанарту арқылы гуманитарлық бағыттағы пәндерге қатысу барысында мұғалім мен оқушының іскерлігін бағалаудың үш блоктан тұратын картограммасы жасалды [3, Б. 61-63.].

I блок. Өзі мен оқушының іс-әрекетін жоспарлау және мақсат қою шеберлігі

мұғалім	оқушы
1.Сабақ жоспарлау кезінде мақсат қою	I деңгей. Сабақтың мақсатын түсіну, соған сәйкес өз алдына мақсат қою. II деңгей. Сабақтың іс-әрекет мақсатына сай міндеттерін құрастыру, күтілетін нәтиже туралы түсінігін қалыптастыру. III деңгей. Проблеманы мұғалімнің көмегімен құрастыру, қол жеткен және өлшенетін мақсаттар қою.
2.Оқушының психологикалық ерекшеліктеріне сәйкес сабаққа мазмұн таңдау (қажет мәлімет бойынша)	I деңгей. Оқушының өткенді еске түсіруі, материал мазмұнын түсінуі. II деңгей. Ұсынылған ақпаратпен жұмыс жасауды қабылдау. III деңгей. Проблеманың туу себептерін айту, сабақтың негізгі бөлімін қабылдауға даярлығын білдіру.
3.Оқу материалдарын қисындығы, күрделілігіне қарай деңгейге сәйкестендіре ұсыну.	I деңгей.Өз мүмкіндігіне сай деңгейін анықтай алуы. II деңгей.Өз деңгейі негізінде ұсынылған материалдарды алу. III деңгей. Тапсырма мазмұнымен танысу, қабылдау.
4. Мақсат, міндетке сәйкес оқу материалдарының мазмұнын (ОММ), танымдық әрекетті ұйымдастыру формасын (ТҰФ), оқыту әдістерін (ОӘ) жоспарлау	I деңгей. Сабақ мазмұны мен мақсатына сай өз іс-әрекетін жоспарлау, аралық мақсаттарды нақтылау. II деңгей.Мақсатқа қол жеткізу тәсілдерін ұсыну. III деңгей. Оқушының проблеманы шеше алатындығын нақтылауы, шешу мүмкін болатын тәсілдерді іріктеу.

II блок. Өзі мен оқушының іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру шеберлігі

мұғалім	оқушы
5.Өз деңгейіне сай мүмкіндігін анықтай алуы. Оқушының өз деңгейіне сәйкес іс-әрекетін ұйымдастыруын қамтамасыз ету.	I деңгей. Деңгейіне сәйкес өз іс-әрекетіне қажет болатын уақытты белгілеу; тапсырмамен жұмыс істеуі және іс-әрекет барысында мұғалім ұсынған материал, ақпарат көздерінен мәлімет алып айтуы, сұрақтар қоюы; өзі білмейтін сұрақтарды қарастыру үшін белгілеп алуы. II деңгей. Оқушының проблемаға сәйкес қосымша ақпаратпен жұмыс істеуі, қажет мәліметтерді іздеуі, сұрыптауы, жүйелеуі; проблемаға алынған түрлі жауаптарды жинақтап, жүйелеу тәсілін ұсынуы; келесі деңгейге өту қабілетін көрсетуі. III деңгей. Алынған жауаптардың өзара байланысын айқындау, нақтылап жүйелеу тәсілдерін қолдануы; карама-қайшылықтарды шешуі, талдап бір қорытындыға келуі.

III блок. Өзі мен оқушының іс-әрекетін реттеу, бағалау, талдау жасау іскерлігі

мұғалім	оқушы
6. Өзі оқушы іс-әрекетіне талдау және бағалау жүргізу; оқушылардың материалды игергені туралы түсініктерін анықтау;	I деңгей. Материалды талдап түсіндіру, мүмкін болса сызба құру; II деңгей. Талқылау барысында өзара бақылау және басқалардың іс-әрекетін бағалау; талқылауда ойын білдіруде сөйлеу нормаларын сақтау; материалды түсінуде қосымша ақпаратты, сызба, кестелерді сауатты қолдана білу арқылы басқалармен бірге өзара әрекет нәтижесін алу; III деңгей. Талқылау негізінде бірлесе отырып, ортақ тұжырымға келу; мұғалім ұсынған проблеманы шешу;
7. Оқушылардың өзара жұмысы барысында талқылаудан мақсатқа қарай бағыттау.	I деңгей. Өзін-өзі бақылауда іс-әрекетін реттеу; Алынған нәтижені көзделген мақсатпен салыстыру; II деңгей. Материал туралы алған білімді бағалау үшін өлшемдер ұсынуы; III деңгей. Өзінің әрі қарайғы іс-әрекет жобасын ұсынуы, көрсетуі, бөлісуі

Сабақты педагогикалық талдаудың тереңдігінің, нақтылығының, іскерлігінің көрінісі – бұл мұғалімнің және оқушының тұлғалық сапаларының өзгеруі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Конаржевский Ю.А. Анализ урока. М., 2000.
- [2] Нәтижеге бағдарланған білім беруде оқушыларды әлеуметтендіру мен тәрбие жүйесінің даму болашағы, бағыттары мен проблемалары (облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары). Қарағанды. 2005.
- [3] Бедесова С.Б., Қасымова С.С. Жүйе және жүйелік талдау: Әдістемелік құрал. Қарағанды. 2006.
- [4] Горская Г.Л. Организация учебно-воспитательного процесса в школе. М., 1988.
- [5] Турбовской Я. Управление: от схемы к жизни / Народное образование. №8. 1991.

REFERENCES

- [1] Konarzhevskij Yu.A. Analiz uroka. M., 2000.
[2] Nätizhege bardarlanған bilim berude оқushylardy әleumettendiru men tәрbie zhyjesiniң damu bolashary, baғыttary men problemalary (oblystyk ғылыми-praktikalық konferenciya materialdary). Karagandy. 2005.
[3] Bөdesova S.B., Kasymova S.S. Zhyje zhәне zhyjelik taldaу: әdistemelik kыral. Karagandy. 2006.
[4] Gorskaya G.L. Organizaciya uchebno-vospitatelnogo processa v shkole. M., 1988.
[5] Turbovsxoj Ya. Upravlenie: ot sxemy k zhizni. Narodnoe obrazovanie. №8. 1991.

АНАЛИЗ УРОКА, ОРИЕНТИРОВАННЫЙ НА РЕЗУЛЬТАТ

С.С. Касимова, К.В. Ушакова, А.С. Сейсенова

Карагандинский государственный технический университет, г. Караганда, Казахстан

Ключевые слова: анализ, урок, учебная деятельность, результат, методы обучения, личность, образование, картограмма, педагогический опыт.

Аннотация. В статье дан анализ нового подхода в модернизации школьного образования к формированию личностных качеств ученика. Также делается акцент на то, что цель и задача педагога должна заключаться не только в передаче изучаемого материала, но и в умении глубоко анализировать этот материал, чтобы достичь желаемой цели. Эффективность учебного процесса зависит не только от изменения методов, способов и форм проведения урока, но и от определённого инновационного подхода учителя к ученику.

Результатом многолетней педагогической деятельности является картограмма оценки деятельности учителя и ученика, эффективность этой картограммы в том, что учитель во время урока не только планирует свою деятельность, но и обязует себя развивать личностные качества ученика. На опыте доказано, что результатом глубокого анализа своей педагогической деятельности является изменение личностных качеств не только ученика, но и самого учителя.

Поступила 16.05.2016 г.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://www.reports-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т.А. Апендиев*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 20.05.2016.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

11 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.